

**Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы  
Гидрометеорология жөніндегі бас басқарма - орталық аппаратының құрылымы  
туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 9 қараша N 1244. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.12.19. N 1787 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Гидрометеорология жөніндегі бас басқарма орталық аппаратының Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісілген құрылымы қосымшаға сәйкес, аппарат қызметкерлерінің саны шегінде 41 адам болып бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы

Гидрометеорология жөніндегі бас басқармаға Басқарма бастығының бір орынбасарын, сондай-ақ 7 адамнан алқа ұстауға рұқсат етілсін.

3. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Гидрометеорология жөніндегі бас басқарманың орталық аппараты үшін қызметтік 2 жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1994 жылғы 9 қарашадағы  
N 1244 қаулысына  
қосымша

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті  
жанындағы Гидрометеорология жөніндегі бас  
басқармасы орталық аппаратының

Құрылымы

Гидрометеорологиялық қамтамасыз ету бөлімі

Мемлекеттік бақылау жүйесі бөлімі

Өндіріс бөлімі

Экономика бөлімі

Бухгалтерлік есеп және есеп беру бөлімі  
Халықаралық ынтымақтастық және ақпарат бөлімі  
Кадр және арнаулы жұмыстар бөлімі  
Жалпы бөлім

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК